

## БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
Спорт және дене шынықтыру істері  
комитет төрағасы

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ С. Жарасбаев  
2019 жыл



## КЕЛІСЕМІН

«Қазақстан Республикасының  
Президенттік сынақ және  
Президенттік көпсайыс  
Федерациялар Одағы» ЗТБ  
Президенті

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ С. Надирбек  
2019 жыл



### Қысқы Президенттік көпсайыстан 2019 жылға арналған республикалық жарыстардың ЕРЕЖЕСІ

#### 1. Мақсаты мен міндеті

Қысқы Президенттік көпсайыстан Қазақстан Республикасының чемпионаттары және кубогы келесі мақсаттарда өткізіледі:

-Қазақстанның аймақтары, спорт клубтарында және балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде Президенттік көпсайысты дәріптеп, дамыту;

-дене шынықтыру мен спортты одан әрі жаппай дамыту, Президенттік көпсайысты, халықтың дене шынықтыру даярлығын және салауатты өмір салтын насихаттау;

-халықаралық жарыстарға қатысу мақсатында Қазақстан Республикасының ең үздік көпсайыскерін анықтау;

-Президенттік көпсайысты енгізуде, халықтың дене шынықтыру даярлығы және көпсайысшыларды дайындаудағы дене шынықтыру және спорт ұйымдарының жұмысын қорытындылау.

#### 2. Жарыс өткізуді басқару

Жарыстарды даярлау және өткізуді басқару Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері бойынша комитетімен іске асырылады. Жарыстардың өткізілуі Қазақстандық Президенттік сынақ және Президенттік көпсайыс Одағының ұсынысы бойынша Комитетпен бекітілген спорт түрлері бойынша бас төреші алқасына және төрешілер алқасына тапсырылады.

### **3. Жарысқа қатысушылар**

Жарысқа қатысушылардың рұқсаты, өтінімдері. Жарысқа қатысуға алдын-ала дайындық өткен, дәрігер рұқсаты және медициналық сақтандыру полисі бар тұлға жіберіледі.

Атаулы өтінімдер спортшыны жарысқа ұсынған ұйыммен жарыс ережелері мен шарттарына сай жасалуы тиісті.

Қосымша өтінемдер мен қайта өтінімдер белгіленген тәртіпте бірінші спорт түрінің басталуына бір сағаттан кем емес уақыт қалғанша дейін берілуі тиіс.

Дәрігердің және жаттықтырушының жазбаша рұқсатымен қыздар, ұлдар, жасөспірімдер, бойжеткендер және юниорлар бір жас үлкен спортшылармен жарысқа қатысуға рұқсат етіледі.

**Осы Ережеде көрсетілген барлық жарыстар үшін қатысушылардың жасын 2019 жылдың 1 қаңтарынан есепке алынады туған күнімен айына қарамастан. Әр өңірден әр жас топтамасында 3-тен көп емес спортшылар қатыстырылады.**

Команда өкілі мандаттық комиссияға қатысушыларды тіркеу барысында атаулы өтінім, спортшының жеке куәлігін, жасөспірім спортшылар үшін туу туралы куәлік және растау құжатын ұсынады.

### **4. Жарыстың өту мерзімі мен орны.**

**4.1. 2019 жылы 21-25 ақпан аралығында Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында балалар жасөспірімдер спорт мектебі және жоғарғы спорт шеберлігі арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты.**

**4.2. 2019 жылы 8-13 наурыз аралығында Ақмола облысы, Көкшетау қаласында қысқы Президенттік көпсайыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты.**

**4.5. 2019 жылы 20-25 шілде аралығында Қарағанды облысы, Қарағанды қаласында роллерлік көпсайыстан Қазақстан Республикасының кубогі.**

**4.6. 2019 жылы 10-15 тамыз аралығында Көкшетау қаласында роллерлік көпсайыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты.**

**4.7. 2019 жылы 19-24 желтоқсан аралығында Көкшетау қаласында қысқы Президенттік көпсайыстан Қазақстан Республикасының кубогі.**

### **5. Жарысты өткізу жүйесі. Қатысатын ұжымдар.**

**5.1. 2019 жылы 21-25 ақпан аралығында Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында балалар жасөспірімдер спорт мектебі және жоғарғы спорт шеберлігі арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты.**

БЖСМ командалар арасында жалпы командалық және жеке біріншілік ретінде өткізіледі.

Команда	Команда құрамы			сынақ		
	спортшылар	жаттықтырушы	төреші	әйел	ерлер	барлығы
БЖСМ	12	2	1	5	5	15
ЖСШМ	4	1	1	еркін		6

Жарыс келесі жас аралықтарында өткізіледі: 12-13, 14-15, 16-17, 18-20, 21-23, 24-28 жас қатысады.

### Марапаттау

Кубок	6 дана	1 орын	2 орын	3 орын
		2	2	2
Медаль	36 дана	12	12	12
Диплом	42 дана	14	14	14

### Жарыс бағдарламасы:

түрі	әйелдер			еркектер		
	12-13	14-15	16-28	12-13	14-15	16-28
Оқ ату	II-ВП,ПП		III-ВП,ПП	II-ВП,ПП		III-ВП,ПП
Күш ғимнастикасы	Қолды бүгіп-жазу			Белтемірде тартылу		
	3 мин	3 мин	4 мин	3 мин	3 мин	4 мин
Шаңғы	2 км	3 км	5 км	3 км	5 км	10 км
Келу күні	15.00-18.0–мандаттық комиссия отырысы. 18.30–бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы					
1 күн	-оқ ату, жарыстың ашылуы					
2 күн	-күш ғимнастикасы					
3 күн	-шаңғы жарысы					
4 күн	-шаңғы жарысы					

Жарыс бағдарламасы ауа-райында байланысты өзгеруі мүмкін.

### 5.2 2019 жылы 8-13 наурыз аралығында Көкшетау қаласында қысқы Президенттік көпсайыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты.

Команда құрамы 21 адам, соның ішінде 18 спортшы, 2 жаттықтырушы, 1 төреші. Жарысқа дәрігер рұқсаты бар облыс, спорт клубтар, ЖСШМ, БЖСМ құрама командалары қатыса алады. Қатысушылар келесі жас аралықтарында бәстеседі: 12-13, 14-15, 16-17, 18-20, 21-23, 24-34, 35-39, 40-49, 50-59, 60-69, 70 жас және жоғары.

Команда	Команда құрамасы			Сынақ		
	спортшылар	жаттықтырушы	Төреші	әйелдер	еркектер	барлығы
Облыс	18	2	1	7	7	21
Сп. Клуб ЖСШМ	6	1	1	еркін		8
БЖСМ	6	1	1	3	3	8

### Марапаттау

Кубок	9 дана	1 орын	2 орын	3 орын
-------	--------	--------	--------	--------



Оқ ату	III- ВП,ПП	II-ВП, ПП	III- ВП,ПП	III- ВП,ПП	III- ВП,ПП	II- ВП,ПП	III- ВП,П П	III- ВП,ПП
Күш гим-сы	Қолды бүгіп-жазу				Белтемірде тартылу			
Роллер	5 км	3 км	2 км	10 км	5 км	3 км		
Кросс	2 км	3 км	2 км	3 км	3 км	3 км		
Келу күні	15.00-18.00 мандаттық комиссия отырысы. 18.30 бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы.							
1 күн	Оқ ату							
2 күн	Күш гимнастикасы							
3 күн	кросс жарысы							
4 күн	роллер жарысы							

#### 5.4 2019 жылы 10-15 тамыз аралығында Көкшетау қаласында Роллерлік көпсайыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты.

Команда құрамы 21 адам, соның ішінде 18 спортшы, 2 жаттықтырушы, 1 төреші. Жарысқа дәрігер рұқсаты бар облыс, спорт клубтар, ЖСШМ, БЖСМ құрама командалары қатыса алады. Қатысушылар келесі жас аралықтарында бәстеседі: 12-13, 14-15, 16-17, 18-20, 21-23, 24-34, 35-39, 40-49, 50-59, 60-69, 70 жас және жоғары.

Команда	Команда құрамасы			Сынақ		
	спортшы	жаттықтырушы	төреші	әйелдер	ерлер	барлығы
Облыс	18	2	1	7	7	21
Сп. Клуб ЖШСМ	6	1	1	еркін		8
БЖСМ	6	1	1	3	3	9

#### Марапаттау

Кубок	9 дана	1 орын	2 орын	3 орын
		3	3	3
Медаль	66 дана	24	24	24
Диплом	75 дана	27	27	27

#### Жарыс бағдарламасы:

Түрі	әйелдер					еркектер				
	12-13	14-15	16-39	40-59	60 және жоғары	12-13	14-15	16-39	40-59	60 және жоғары
Оқ ату	II-ВП, ПП	III- ВП,ПП	III- ВП,ПП	III- ВП,ПП	III-ВП,ПП	II-ВП, ПП	III- ВП,ПП	III- ВП,ПП	III- ВП,ПП	III-ВП, ПП
Күш гим-сы	Қолды бүгіп-жазу					Белтемірде тартылу				
	3 мин	4 мин				3 мин	4 мин			
Роллер	2 км	3 км	5 км	3 км	2 км	3 км	5 км	10 км	5 км	3 км
Кросс	1 км		2 км	2 км	1 км	1 км	2 км	3 км	3 км	3 км
Эстафета	4 адам x (5 ату + 3 км)					4 адам x (5 ату + 5 км)				
Келу күні	15.00-18.00 – мандаттық комиссия отырысы. 18.30 – бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы.									

1 күн	-оқ ату, жарыстың ашылуы
2 күн	-күш ғимнастикасы
3 күн	-шаңғы жарысы -оқ ату – эстафета
4 күн	-Эстафета - оқ ату қорытындысы бойынша ғандикаппен шаңғымен жарысу

*Жарыс бағдарламасы ауа-райында байланысты өзгеруі мүмкін.*

### **5.5 2019 жылы 19-24 желтоқсан аралығында Ақмола облысы, Щучинск қаласында Қысқы Президенттік көпсайыстан Қазақстан Республикасының Кубогі.**

Команда құрамы 21 адам, соның ішінде 18 спортшы, 2 жаттықтырушы, 1 төреші. Жарысқа дәрігер рұқсаты бар облыс, спорт клубтар, ЖСШМ, БЖСМ құрама командалары қатыса алады. Қатысушылар келесі жас аралықтарында бәстеседі: 12-13, 14-15, 16-17, 18-20, 21-23, 24-34, 35-39, 40-49, 50-59, 60- 69, 70 жас және жоғары.

Команда	Команда құрамасы			Сынақ		
	спортшылар	жаттықтырушы	Төреші	әйелдер	еркектер	барлығы
Облыс	18	2	1	6	6	21
Спорт клуб ЖШСМ	6	1		еркін		7
БЖСМ	8	2	1	3	3	9

#### **Марапаттау**

Кубок	31 дана	1 орын	2 орын	3 орын
		25	3	3
Диплом	75 дана	25	25	25

#### **Жарыс бағдарламасы:**

Түрі	әйелдер					еркектер				
	12-13	14-15	16-39	40-59	60 және жоғары	12-13	14-15	16-39	40-59	60 және жоғары
Оқ ату	II-ВП,ПП		III-ВП,П П	III-ВП,ПП	III-ВП,ПП	II-ВП,ПП		III-ВП,ПП	III-ВП,ПП	III-ВП,ПП
Күш ғим-сы	Қолды бүгіп-жазу					Белтемірде тартылу				
	3 мин	3 мин		4 мин		3 мин		4 мин		
Шаңғы	2 км	3 км	5 км	3 км	2 км	3 км	5 км	10 км	5 км	3 км
Эстафета	4 адам x (5 ату + 3 км)					4 адам x (5 ату + 5 км)				
Келу күні	15.00-18.00 – мандаттық комиссия отырысы. 18.30 – бас төрешілік коллегиясының команда өкілдерімен отырысы.									
1 күн	-оқ ату, жарыстың ашылуы									
2 күн	-күш ғимнастикасы									
3 күн	-шаңғы жарысы -оқ ату – эстафета									
4 күн	-Эстафета-оқ ату қорытындысы бойынша ғандикаппен шаңғымен жарыс.									

*Жарыс бағдарламасы ауа-райында байланысты өзгеруі мүмкін.*

### **6.Жеңімпазды анықтау**

Жарыс 2011 жылы Қазақстан Республикасының туризм және спорт министрілігі спорт комитетімен бекітілген «Президенттік көпсайыс және Президенттік сынамалары бағдарламасының ережесі» бойынша өткізіледі. Көпсайыс 100 ұпайлық кесте бойынша бағаланады.

Көпсайыстың бір түріне себепсіз қатыспаған қатысушылар жарыстан шығарылады. Ұпай саны тең болған жағдайда басымшылық көпсайыстың көп түрі ұтқан қатысушыға беріледі, егер бұл көрсеткіштер тең болса жеңімпаз шаңғы жарысы бойынша анықталады.

## **7. Дәрігерлік-санитарлық қамтамасыз ету**

Жарысты ұйымдастырушылар республикалық жарысты медициналық жағынан қамтамасыз етеді. Ұйымдастырушы зардап шегушілерді эвакуациялау үшін медициналық қызмет көрсетуге және көліктік жабдықпен қамтамасыз етуге міндетті.

Ұйымдастырушы сөре мен мәре орындарына «жедел көмек» машинасының өтуіне жолдың болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Медициналық қызмет көрсетудің негізгі міндеттері:

–сөре мен мәре орындарына, тамақтану және қатысушыларды орналастыру орындарында санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтауға бақылау;

–спорттық жарақаттың алдын алу;

–қатысушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету, зардап шегуші қатысушыларды эвакуациялау.

Медициналық персонал қажетті жабдықпен жарыс алаңына келін. Бас төрешінің рұқсатына дейін мәреде тұруы тиіс.

## **8. Допинг-бақылау**

Дуниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (бұдан әрі – ВАДА) нормаларына сәйкес барлық жастағы бүкіл спортшылар ҚРК, ҚРЧ, сондай-ақ республикалық жарыстарда допинг-бақылауға алынуы мүмкін. Барлық спортшылар ВАДА-ның допингке қарсы кодекс ережелерін сақтауы тиіс. Спортшының допинг тест тапсырудан бас тартуы немесе келмеуіне байланысты оған ВАДА-ның допингке қарсы кодекс нормаларына сәйкес санкциялар (спортшыны толық шеттетуге дейін) қолданылуы мүмкін.

## **9. Төрешілер алқасы**

«Президенттік сынық және Президенттік көпсайыс Федерациялар Одағы РҚБ қағидасының негізінде 20-25 адамнан төрешілер алқасы жасақталады. Оның құрамында: бас төреші, бас төрешінің орынбасары, бас хатшы, бас хатшының орынбасары, 2 стартер, 2 стартердің көмекшісі, мәредегі аға төреші, мәредегі төреші (қатысушылардың келуі), аға хронометрші, хронометршілер, хатшылар, хабарлаушы төрешілер, жарыс коменданты,

қатысушылардың жанындағы төрешілер, кешенді жекпе-жектен төрешілер, бас төреші құқығындағы дәрігер болуы керек.

## 10. Өтінімдер

Қатысушылардың саны, келу және кету күндері көрсетілген алдын ала өтінім жарыс басталардан 15 күн бұрын жарыстың бас хатшысына тапсырылады.

Өтінім уақытылы берілмеген жағдайда, қабылдаушы тарап қатысушыларды орналастыру үшін жауап бермейді.

Қатысушы ұйым жарыс басталардан 5 күн бұрын және кешіктірмей, қатысушылардың туган күндері көрсетілген өтінімді мына электрондық поштаға жіберуі тиіс: nadirbekov\_sayat@mail.ru тел. +7 702-297-37-56; +7 707-633-56-46

Қатысушылардың нөмірлері көрсетілген, дәрігер куәләндірілген ақырғы өтінім жарыс хатшысына жеребе басталардан 6 сағат бұрын және кешіктірілмей беріледі

## 11. Қаржы шарты

Спортшыларды, жаттықтырушыларды және өкілдерді іссапарға жіберумен байланысты барлық шығыстарды (жолақысы, тамақтануы, тұруы, тәулікақысы), төрешілердің іссапар шығыстарын іссапарға жіберуші ұйымдар есебінен жүзеге асырылады.

Спортшыларды марапаттау (дипломдар, медальдар, кубоктар), шақырылған төрешілердің жалақысы, мемлекеттік жаттықтырушы мен аға жаттықтырушымен іссапар шығыстары (жолақысы, тәулікақысы, қонақ үй) Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын есебінен төленеді.

## 12. Марапаттау

1,2,3 орын иеленген командалар кубок және дипломмен марапатталады.

Барлық жас топтамаларында жеке біріншілікте жүлдегер мен жеңімпаз медаль және дипломмен марапатталады, эстафеталарда тиісті дипломдарымен марапатталады.

**Абсолюттік біріншілікте** ерлер мен әйелдер арасындағы жеңімпаздар медальдар және дипломдармен марапатталады.

**Ескертпе:** жас топтамасының құрамы 3 қатысушыдан кем болған жағдайда, жеке біріншілік есептелмейді, қатысушылар басқа жас топтарымен біріктіріледі.



### **13.Наразылықтарды беру және оларды қарау тәртібі**

Ереже мен шарттың бұзылғаны байқалған уақыттан 30 минуттан кеш емес уақытта спорт түрі бойынша аға төрешіге, рефери немесе бас төреші орынбасарына команда өкілі ауызша арызданады, спорт түрі аяқталғанға дейін.

Егер ауызша арыздан шешім қабылданбаса немесе өкіл қанағаттанбаған жағдайда, ол өз арызын жазбаше түрде бас төрешінің қабылдаған шешімінен кейін бір сағат ішінде немесе спорт түрі аяқталғаннан кейін жарыс басшысының атына білдіре алады, ал жарыс қорытындысына байланысты наразылығын – жарыстың бейресми қорытындысын информациялық экранға шығарғаннан кейін бір сағат ішінде.

Наразылық танытылған қорытынды жарыс басшысы немесе Апелляциялық жюри (егер наразылық жюриға ұсынылса) шешіміне дейін бекітілмейді

Қатысушы жарыс басшысы немесе апелляциялық жюри шешіміне дейін, жарысқа БТА шешімімен «наразылық бойынша» қатыстырылады.

### **14.Қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Республикалық жарыстар тиісті нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына жауап беретін, Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы және қатысушылар мен көрермендердің қоғамдық тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған спорт ғимараттарында, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген дене шынықтыру немесе спорт ғимаратының іс-шараны өткізуге дайын екендігі туралы акті болған жағдайда өткізіледі.

**Осы ереже жарысқа ресми шақыру болып табылады.**